ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 23 қаңтар №2301-24-00-2/12 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
алдын-ала сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Атырау облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Инара Талгатовна Садыкова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Т.Тілепиева
Жауапкер өкілі И.Садыкова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 12 маусымда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №118 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «100 дана төбе шамшырақтар» тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 189 900 теңге, орындау мерзімі – 15 күнтізбелік күн ішінде тапсырыс берушінің тапсырыс хаты негізінде.

Жауапкерге тапсырыс хаты 2023 жылғы 7 желтоқсанда жіберілген, яғни тауарды жеткізу мерзімі 2023 жылғы 22 желтоқсан деп белгіленген, алайда тауар уақытылы жеткізілмеген.

2023 жылғы 11 желтоқсанда Жауапкер Шартта аталған тауарды жеткізе алмайтынын және сипаттама бөлігінде көрсетілмеген басқа симпаттамадағы тауарды жеткізе алатыны туралы хабарлама жолдаған.

2023 жылғы 13 желтоқсанда тауардың жеткізілмейтіні жөнінде Акт жасалған.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, тауар жеткізілмеген.

Талап қоюшы сотта талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Т.Тілепиева, талабын қолдап, арызды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі И.Садыкова талапты мойындап, тауарды жеткізуге мүмкіндігі болмағандығын көрсетті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері мүлдем орындалмай, тауар жеткізілмегенін, тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдары болғаны анықталды. Аталған жағдайды сот отырысында жауапкер өкілі жоққа шығармады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 272 -баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Дауешова О. Ш., 25.01.2024

2301-23-3-1/3836

«Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Атырау облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Инара Талгатовна Садыкованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Инара Талгатовна Садыкова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Инара Талгатовна Садыковадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірме дұрыс

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама:

Шешім заңды күшіне 2024 жылы "26" ақпаны енді.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 25.01.2024

2301-23-3-1/3836